

Б.С. Рахымов¹, Г.Т.Тлеубердина*², С.Ж. Шахина¹, Қ.И.Тастемір²

¹Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ, Қарағанды, 040000, Қазақстан Республикасы

²Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан Республикасы

АҚЫНДЫҚ ТАЛАНТ ПЕН КӨРКЕМДІК ӨРНЕК

Мақалада алғаш рет Мұхтар Әуезовтің ақындығы, поэзияға жетік дарынды шайырлардың бірі болғандығы баяндалады. Ақынның ғылыми айналымға еңбеген фольклордан бастау алған ақындық дәстүрінің ерекшелігі сомдалады. Оның дәлелді жауаптары беріледі. Мақаланың жаңалығы мен теориялық және ғылыми маңыздылығы тұңғыш рет М.Әуезовтің ақындығы туралы сөз қозғалуында. Жазушы қаламынан көптеген драмалық туындылар туса, соның көбі өлеңмен жазылған. Авторлар ақынның басты ерекшелігі өлең өнерін жетік меңгергені өз жанынан өлең шығарып, драмадағы тартысты терең жеткізе білуіне тоқталады. Өлеңдегі көркемдік өрнектерді ұтымды, шебер қолдана алуын сипаттайды. Ақындық ерекшелігін танытатын буын мен ұйқас мәселелері де қарастырған. Мақалада көркем мәтіндерді тақырыптық-жанрлық, көркемдік-стильдік ерекшеліктеріне қарай талдауда танымдық тұрғыдан концептуалды сұрыптау, салыстырмалы, қорыту, жинақтау әдістерін қолданған.

Кілт сөздер: Әуезов, абайтану, әуезовтану, ақындық, талант, поэзия, фольклор, дәстүр, көркемдік.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазақ халқының мәдени, әдеби даму тарихында жазушы, драмашы, публицист, зерттеуші, аудармашы әрі аса ірі қоғам қайраткері Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің алатын орны ерекше. М.Әуезов – ауыз әдебиеті мен классикалық әдебиеттің, батыс пен шығыс көркем сөз мұрасының озық дәстүрлерін жете меңгеріп, қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиетінің реалистік сапасын арттыруға, әдеби тілді байытуға ересен зор еңбек сіңірген ХХ ғасырдың ұлы жазушысы. Шығармашылық сапары өткен ғасырдың алғашқы жылдарының дауылды дүрбелеңімен, яғни, қазақ төңкерісімен тұстас келген суреткер 20-жылдардың бас кезінде жазылған «Қорғансыздың күнінен», «Абай жолы» роман эпопеясына, «Еңлік-Кебек» трагедиясынан «Қарақыпшақ Қобыландыға», отызыншы жылдардағы әңгімесі «Білекке білектен», «Өскен өркен» романына, эпос, әдебиет тарихы туралы мақалаларынан КСРО халықтары әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдық, ұлттық және интернационалистік сипат мәселелеріне арналған терең теориялық зерттеулеріне дейін ұзақ та жемісті жол кешті. Оның бүкіл қазақ әдебиетінің асқақ тұрған күмбезіндей «Абай жолы» роман-эпопеясы әлемдік даңққа ие болды. М.Әуезовтің таңдаулы шығармалары осы заман әдебиетінің жер жүзілік көлемде танылған жаңашылдығын зор қуатпен дәлелдеді. Мұхтар Әуезов өзіндік стилі, өзіндік қыры қалыптасқан заңғар жазушы.

Қазақ халқының маңдайына біткен Мұхтар Әуезов шығармашылығы – сан ұрпаққа рухани азық болатын сарқылмас мол қазына. Халқымыздың бүгінгі тарихында, мәдениеті мен әдебиетінде Әуезовтің алатын орны ерекше, оны бір сөзбен айтып жеткізу қиын. Әуезов мұрасы адам тіршілігінің сан-саласын қамтып, қазақ халқының өткені мен бүгінін, болашағын ұштастырған өміршеңдігімен, мәңгілік өзектілігімен қымбат. Аса алып тұлғалар – табиғат пен қоғамның, адамзат пен руханияттың айрықша бір көрінісі.

Өткен өмірімізге сын көзбен қарап, жіберген қате, кемшіліктерімізді елеп-екшеуден өткізіп келеміз. Заманымыздың заңғар жазушысы, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің ХХ ғасырдағы биік шыңы — Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің артында қалған ұланғайыр мұрасын зерделеп, ой елегінен өткізу үшін де әр дәуірдің, әр ұрпақтың өз айтар сөзі, таным-түсінігі болатыны сөзсіз. Егемен ел жағдайында ұлы жазушы мұрасына деген ілтипатымыз да осындай бір ұмтылыстың көрінісі болмақ. Ғасырлар бойы көшпелі тіршілікті бастан кешіріп, ХІХ ғасырдың бел ортасында жол айырығына келген қазақ өмірінің барлық әрі мен нәрін, сыны мен сырын, соры мен бағын теңдессіз тарихи тұлға Абай тағдыры арқылы әрі көркем, әрі түпсіз ой көзімен ашып берген суреткер туралы талай-талай ізденістер жалғаса бермек. Олай болатыны М.Әуезов шығармашылығы ғасырлық өлшемдердің аясына әлдеқашан именбей енгеніне күн өткен сайын көзіміз жетіп келеді. Ұлы жазушы, ғалым, қоғам қайраткері М.Әуезовтің көркем мұрасы біздің төл әдебиетіміздің ғана емес, бүкіл адамзат мәдениетінің де бағалы жетістігі екені тарихи шындық.

Біз сөз етіп отырған Мұхтар Әуезовтің шығармашылығына қатысты әдеби-сын мақалалар көп болса да, оның ақындық мұрасы арнайы түрде зерттеу нысанына айналған жоқ. М.Әуезов ұлттық руханиятқа өзіндік өрнегімен, табиғи болмысымен келген талантты ақын. Ол қазақ поэзиясында поэтикалық тілге бай да құнарлы, қуатты жырларымен танылды десек артық емес. Белгілі бір жүйемен құрылған өлеңдерінде тіл нақышы анық байқалады және көркемдік-эстетикалық жағынан да кең тынысты туындылар.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Осы уақытқа дейін М.О.Әуезов қаламынан туған қаншама әңгіме, қаншама ғылыми зерттеулер бар. Атап айтар болсақ, бір ғана Абай Құнанбаев пен қазақ әдебиетіне арналған зерттеулері ұшан теңіз. Ал, М. Әуезовтің ақындық қыры бүгінге дейін зерттеушілердің назарына іліне қоймады. Алайда, осы уақытқа дейін бір-екі мақалада айтылып, жазушының өзінің естеліктерінде сөз болған. М. Әуезовтің ақындығы нақты осы өлеңмен, не болмаса осы шығармамен басталған деп айту әрине қиын. Дегенмен, ол 1953 жылы жазған өмірбаянында өзінің алғашқы әдебиетке деген қадамын өлең жазудан бастағанын айтады. Мұхтар Әуезовтің ақындығы оның драмалық шығармаларында кеңінен байқалады. Ондағы кейіпкерлер сөзі диалог, монологтар мен драмадағы ішкі және сыртқы тартыстар автордың өзінің тарапынан шыққан өлеңдер екеніне көзіміз жетеді.

Драмалық шығармаларындағы өлеңдерді тақырыптық тұрғыдан, жанрлық ерекшелігіне қарай жіктей аламыз. Автордың драмаларында қазақ халқына тән тұрмыс-салт жырлары, шешендік өлеңдер молынан кездеседі. Соның ішінде жоқтау, беташар, қоштасу, сыңсу өлеңдері өз нақышында керемет жеткізілген. Сондай-ақ өлеңдеріндегі буын, бунақ, ұйқас мәселесі де өз ретімен қолданылған. Ендеше біз үшін ең бастысы М. Әуезовтің ақындық қырын таныту. Осы мәселені толық зерттеу. Оның драмаларындағы өлеңдердің құрылысын, жанрлық ерекшелігін, көркемдік күш-қуатын білу аса қажет. Бұл мәселе жайында жоғарыда атап өткеніміздей, бірлі-екілі дүниелер жазылғанымен бұл тақырыптың сыр-сипатын, көркемдік болмыс-бітімін толық ашып берді деп айта алмаймыз. Алдағы міндет М.Әуезовтің өлеңдерін жан-жақты талдап, келер ұрпақтың қажетіне жарату ісі болмақ. Тақырыптың зәрулігі мен өзектілігі де осында.

Мақаланы жазу барысында, мақала тақырыбының өзектілігін айқындау мақсатында М.О.Әуезовтің ақындық мұрасын зерттеп-зерделеу, оған текстологиялық талдау жасап, көркем мәтіндерді тақырыптық-жанрлық, көркемдік-стильдік ерекшеліктеріне қарай танымдық тұрғыдан концептуалды сұрыптау, салыстырмалы, қорыту, жинақтау әдістері қолданылады.

Әдебиет – өнердің бір түрі, сөз өнері. Сөз өнері жалпы мағынасындағы жай әдебиет емес, көркем әдебиет. Оның барлық эстетикалық байлығы әдеби шығарманың көркемдігі арқылы ғана жасалады [1,24]. Ал өнер жайлы сөз қозғап, сол өнерді жасаушы шебер Абай мен Мұхтар жөнінде үндемей өтуге болмайды. «Әуезов – екінші Абай» деген ұғым Абайды қайталау деген сөз емес. «Ат тұяғын тай басар» дейтін көне нақыл көркемөнер дүниесіне заң бола алмайды.

Абай ауылында туып өскен Абайдың нәрімен сусындаған Мұқаннның өлеңмен бірталай жыл дос болып, ақындықтың көп сырларын түсініп меңгергенін ұғу қиын емес. Заңғар жазушы Мұхтар Әуезов «поэзия пайғамбары» Абайдың бүкіл өлеңдерінің шығу тарихын, көркемдік сырлары мен абайтану ілімін қалыптастырғаны бізге мәлім. Алайда Мұхтар Әуезовтің ақындығы жөнінде жазылған материал жоқтың қасы. Оның өлеңдегі алғашқы қадамы, өлеңдерінің тақырыбы туралы айту мүмкін емес. Бірақ М.Әуезовтің өлең жазудағы өзіндік бір стилі, өзіндік дағдысы болғаны анық.

М. Әуезов өзінің алғашқы шығармашылық қадамын, жалпы қазақ қаламгерлеріне тән мән-мәні сияқты өлең жазудан бастаған. 1953 жылы жазған өз өмірбаянында: «Первые литературные опыты я начала со стихов, которые не были опубликованы» - деп мәлімдейді. Әрине, жазушы қаламынан туған «Айман - Шолпан», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Абай» сияқты либретто, музыкалық драмаларында да, поэзиялық туындыларында да поэтикалық ой-толғам өрнектері молынан орын алатыны белгілі. Сондай-ақ ол өзінің өмір бойы үздіксіз жазған әдебиетке байланысты мақала, сын-ерттеу еңбектерінде осы жанрдың сыр-сипаты, ерекшелік өрнектері жайлы үнемі ой-пікір тұжырымдарын айтып отырған [2,47]. Мұхтар Әуезов әдебиет жайлы алғашқы 1918 жылы «Абай» журналында жариялаған «Абайдың өнері һәм қызметі» атты мақаласында: «Абайдың қиялы шалымды, ойы терең, ақыл-білімінің әр тарауынан көкірегінде асыл қазынаның көп» екенін, оның «өзге сипаттарының ішіндегі ақындық сезімінің артық жетістігі, дүниенің сыры мен жүрегіннің жалғасып, ымдасып кететін», не нәрсенің болсын жарастығын, келісімін, сұлудың сұлуын іздейтін ерекшелік қасиеттерін дәл танып, «өлеңшілікке өзгеше нұр кіргізіп», неше түрлі өлшеу, көптеген жаңа түрлер тапқандығын өте жоғары бағалайды. «Абайдан соңғы ақындар» атты келесі мақаласында автор қазақтағы қара тілді «өлеңшілдік» пен шын мәніндегі поэзияның ара жігін айқындап, өзінің теориялық ой - тұжырымын білдіреді: «Өлеңге қоятын шарт: еркін ой, шалықтаған терең қиял, нәзік, өткір сезім, құйылған сұлу сурет,кестелі, таза, қысқа, анық, дәлді нағыз тіл... әркімнің жүрегінде бір жасырын сыр бар, жасырын тіл бар, жасырын күй бар. Ақынның ақындығы сол жасырын сырды тауып, жүректі тербетіп, қуантып, мұңайтып, жасырын күйдің шегін шертіп, әрбір пернесіне тап басу. Ондай өлеңді оқығанда оқушының шері қозғалып, ой-көзі жүрегіне үңілетін бір әсер пайда болады» - деп баға берген [3,118].

Поэзияны ерекше түсініп, оны биік шыңға теңеген М.Әуезов өзінің бірқатар драмалық шығармаларын өлеңмен жазды. Анығында Мұхтар Әуезов өлеңде де өзіндік бір үн бар екенін көрсеткен. Драмалық шығармаларындағы өлең жолдарынан өлеңге тән ұйқас, буын, ырғақты анық байқайсың. Бұл ерекшеліктер жазушының поэтика өнерінің сырын жақсы меңгергенін аңғартады [4],[11].

ТАЛҚЫЛАУ

Әуезовтің драматургия саласында көп қызмет етуінің бірнеше себептері бар. Халық әдебиетінде, фольклорда түр жағынан драматургияға жақын нұсқалар көп. Батырлар жырында толғаулар мол. Салт өлеңдері, беташар, сынсу, жар-жар, жоқтау түрі мазмұны жағынан драмалық шығармалармен ағайындас. XX ғасырға дейін қазақтың халық әдебиетінде драматургияға өзек болатын мол қазына жиналды. Осы байлықты игерген қаламгер – Әуезов. Ол халық әдебиетінен нәр алды. Әрине қазақтың көшпелі өмірі, қаланың болмауы

драматургияның дамуына кедергі жасады. Қазақ тұрмысындағы сауық түрлері, қыз ұзату салтанаты, алтыбақан ойындары тұңғыш драмаға енгізілді [5], [12].Төменде ақынның фольклорлық үлгіде жазылған драмаларындағы бірнеше жыр үзінділерін назарларыңызға ұсынамыз.

Мысалы, «Абай» либреттосындағы беташар жыры.

Басталды ойын,
Басталды беташар!
Айтылады беташар!
Мәнлі келін алдында
Сыпайылық жарасар...
Көркін айтсақ келіннің
Ай мен күнге таласар!
Ақыл, мінез, парасат
Бұл өңірде келіннің
Бәрімен де санасар!
Алдындағы ағалар
Көреміз деп ынтығып
Жалтақ – жалтақ қарасар!
Келінді енді көріңіз,
Көрімдігін беріңіз!
Асыл аға, Абай аға!
Қайын атаға бір сәлем!
Мырзалыққа сын бүгін!
Шарай топта, сараңдар,
Ашылады сыр бүгін!
Өзім атты қайын аға,
Қайын ағаға бір сәлем!

(«Абай»)

«Абай» либреттосындағы Ажардың күйеуі Айдарға және Абайдың досына арнаған жоқтау өлеңі.

Қош, жазықсыз арыстаным,
Ғазиз жаным арманды,
Жолың жарқын алысқаның,
Елің етті қалғанды!
Жараң жанға жара салды,
Зарын төгер алғаның,
Шер жүрегін жалын шалды,
Қасірет білер қалғанын!

(«Абай»)

Қараңғыда жалғыз жарық
Әлсіз қолда өшер ме!
Айдарым жоқ, жеке қалып
Зұлмат жаншып өтер ме?
Арманым қайда, жол қайда, не жайда?
Сар далада сарылған ел,
Арман алыс, өмір шақ,
Сенсің жалғыз өтерім бел,
Барарым сен етпе жат!
Етпесін ойла! Жау айла! Абайла!

(«Абай») [6,154].

«Еңлік – Кебек» жырындағы Еңліктің өзінің ғашығымен қашып бара жатқандағы еліне арнап айтқан қоштасу өлеңі.

Ата – анам, ақ батаңды аттап кеттім,
Тентек ел талқысына тастап кеттім.
Болсам да шұбар жылан іштен шыққан
Қарғамас, деген сенім сақтап кеттім.
Туған ел, амандасам жас – кәріңе,
Бірге өскен құрбы – құрдас дос бәріңе.
Жарасқан әзіл – сауық, аға – жеңге,
Аласың мені не деп естеріңе!
Аман бол, Найза шоқы, тоғайлы өзен,
Өрістеп қой асатын тұмсық кезең.
Бөрлі мен батыр шыққан Қарауылым,
Ен дала көркі болып жалғыз безен.
Білмеймін қандай асу жолда жатыр,
Құз ба екен, қия ма екен таңдай татыр,
Сыйынып аруақ пен бір құдайға
Ұстадым етегіңнен, баста, батыр!
(«Еңлік – Кебек») [6,156]

Жоғарыда көрсеткен М. Әуезовтің «Абай» либреттасы мен «Еңлік - Кебек» жырында драмаларында кездесетін тұрмыс - салт жырларының тамаша үлгілерін ақын тамаша сипаттай білген. М.Әуезов фольклор үлгілерін жинап жүріп, өзінің драмалық шығармаларын жазды. Сонымен қатар жазған драмасында тұрмыс-салт жырларын, шешендік сөздерді кеңінен шебер, ұтымды қолдана білген.

Қазақ өлеңі – силлабикалық, яки буынға негізделген өлең екенін білеміз. Олай болса, буын мәселесі – қазақ өлеңінің құрылысын байыптаудағы басты мәселе. Силлабикалық өлең атаулының бәріндегі, оның ішінде қазақ өлеңіндегі, поэзиялық қасиеттің көптен – көбі буында жатыр. Өлеңді өлең ететін ырғақ болса, қазақ өлеңіндегі күллі ырғақ буынмен үндес. Керек десеңіз, тіпті ұйқассыз өлеңнің өзін өлеңге айналдыратын бірден-бір күш, құрал осы- буын. [7,264]

Мұхтар Әуезовтің «Абай» либреттосындағы мына үзінділерге назар аударайық.

Сөз аяғы саркылды! (6)
Уау, ағайын! (4)
Аянбастың алды жар, (6)
Сол басатын шарқынды! (7)
Көрім жуық төрімнен (6)
Ойға аламын артымды! (8)
Тыңда, ағайын қарындас! (8)
Айттым мына нарқымды! (7) [6,405]

Міне, осылардың тармақ мөлшері әртүрлі болғанымен, екпінге емес, буынға негізделген, силлабикалық өлеңдер. Демек, бұл Мұқанның өзінің өлеңдерін қазақ өлеңдеріне тән силлабикалық өлең үлгісімен жазғанының дәлелі.

Мұхтар Әуезовтің өлеңдеріндегі ұйқас мәселесіне зер салайық.

Өлеңді өлең ететін ырғақпен қатар ұйқас екені белгілі; ал ұйқас, яки рифма, дыбыс қайталаулар, дәлірек айтқанда өлең тармақтарындағы сөз аяқтарының үндестігі, өзара ұқсас, дыбыстас естілуі. Ұйқас – өлеңнің сыртқы түріне ғана емес, ішкі сырына тікелей қатысты

нәрсе, яғни өлеңнің сыртқы сұлулығы үшін ғана емес, ішкі жылуды, қызуы үшін де ауадай қажет нәрсе.

Ұйқас өлеңді шығармадағы ең салмақты, басты һәм маңызды сөздерді ерекше бөліп көрсету үшін, оған өзгеше мағына дарыту, мән беру үшін де керек [8,284].

Әлсіз қолын байласаң да, - а
Ақ жүрегін байламассың, - б
Ноқта емес, көр сайласаң да, - а
Жар қызығын тойламассың. – б
(шалыс ұйқас)
Неге келдің, не деп келдің, -а
Кім шақырды сені мұнда? -б
Бар азабын келген кердің -а
Арашашы алатұн да... –б

(шалыс ұйқас)

Жат жаза, жалған намыс қостамаймын, -а
Көпті алдап жамандыққа бастамаймын. -а
Айыбын жаза басса бірге тартам, -б
Айдардай асыл бауыр тастамаймын. –а)[6,217]

(қара өлең ұйқасы)

Байқап отырғанымыздай «Абай» либреттосымен «Қаракөз» драмасында қара өлең ұйқасы мен шалыс ұйқас жиі ұшырасады. Абайдың әрбір өлеңін зерттеу арқылы өзінің тума талант екенін дәлелдеген Мұқанда Абай ізін жалғап өзінің өлеңдерінің басым бөлігін қара өлең ұйқасына келтіріп жазған. Себебі, Абай өлеңдерінің біршама бөлігі қара өлең ұйқасына дәл келеді. Осы тұста Мұхтар Әуезовтің Абайдың ізін жалғастырушы, ізбасары екеніне тағы бір мәрте көзіміз жетеді.

Осы тұста Мұқанның шығармаларының буын мен ұйқас қана емес, ондағы ажарлаулар мен айшықтаулардың сәтті қолданысынан ақынға тән талантты танысың. Мұхтар Әуезовтің ақындығы бір ғана «Абай» либреттосы және «Қаракөз» драмасымен шектеліп қалмайды. Бұдан да бөлек «Еңлік-Кебек», «Айман – Шолпан», «Бекет» драмалары және тағы да басқа драмалары ақындық өнерден айқын көрініс бере алады. Аталған туындылардың ішінен «Еңлік-Кебек» драмасынан үзінді келтіріп көрейік.

Ата – анам, ақ батаңды аттап кеттім,
Тентек ел талқысына тастап кеттім.
Болсам да шұбар жылан іштен шыққан
Қарғамас, деген сенім сақтап кеттім.
Туған ел, амандасам жас – кәріңе,
Бірге өскен құрбы – құрдас дос бәріңе
Жарасқан әзіл – сауық, аға – жеңге,
Аласың мені не деп естеріңе!
Аман бол, Найман шоқы, тоғайлы өзен,
Өрістеп қой асатын тұмсық кезең.
Берлі мен батыр шыққан Қарауылым
Ен дала көркі болып жалғыз безен.
Білмеймін қандай асу жолда жатыр
Құз ба екен, қия ма екен таңдай татыр
Сыйынып аруақ пен бір құдайға
Ұстадым етегіңнен баста батыр! [6,156]

Бұл драмадағы Еңліктің Кебекпен қашып бара жатқандағы елімен қоштасу сәті. Өлеңдегі үйлесімді ырғақтар, ерекше ұйқастар оқырман қауымды да елең еткізеді сөзсіз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жазушы қаламынан көптеген драмалық туындылар туса, соның көбі өлеңмен жазылған. Ғалымның өлең өнерін жетік меңгерген оның дәлелді жауаптары оның өз жанынан өлең шығарып, драмадағы тартысты терең жеткізуінде. Драмалық шығармадағы кейіпкерлер арасындағы тартыс, бір – бірімен бәсекелестік пен бақталастық, достық пен махаббат бәрі де өлең тілінде сөйлеп тұр. Шығарма табиғатынан естірту, жоқтау, қоштасу секілді өлең үлгілері мен келешекке қатысты толғауларды да табуға болады. Қара өлең табиғатына қатысты өлеңдердегі ұйқас, ырғақ, дыбыс үйлесімдіктері толықтай қазақ поэзиясына жауап бере алатынына көз жеткізесің [9], [13].

Жазушы, ғалым М.О.Әуезовтің өлең өнерін жетік меңгергенінің тағы бір дәлелі, оның халық өлеңдерін саралап, зар-заман ақындары мұрасын жеткізуі мен ұлы ақын Абай мұрасын халқына аманат етуінде жатыр. Оның поэзиясында достық пен махаббатты, сол парасаттылыққа жасалған қатігездік пен қызғанышты өлең тілімен сөйлейткенін айқындаймыз.

Біз бұл жұмысымызда әйгілі жазушы, ғалым М.Әуезовке қатысты дерек көздерін оқып, ондағы құнды пікірлерді өз еңбегімізге қарай пайдаландық. М.О.Әуезов – жазушы, ғалым, ұстаздық қырларына қоса, оның шын мәнінде ақын екендігін дәлелдедік. Жазушының көркем шығармаларының бір парасы проза болса, сол қара сөз өнерінде де М.О.Әуезов халық поэзиясын шебер қолданған. Ұлттық руханиятымыздың басты ерекшелігі ретінде халық поэзиясын тегі мен түрлеріне қарай жіктеп, толықтай түсіндірген М.О.Әуезов болғандығы мәлім [10,112].

Әуезов шыңына шығу, әрине қиын. Десек те қолына қалам ұстағандардың бір де бірі қолынан келгенше және жеткен жеріне дейін бұл суреткерлік биікке өз жолын тауып, өз ерекшелігімен өрлемесе, кері шегінуге қақы жоқ. Бізде өз деңгейіміз жеткенше дәлелдеп, сараладық. Бізге анық бір жағдай Мұхтар Әуезовтің ақындығы кемел тақырып, кеңінен зерттеуді қажет ететін мәселе екені мәлім.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Ауыпбаев Ж. Мұхтар Әуезов туралы естеліктер. – Алматы: Жазушы, 1997. – 608 б.
- 2 Ахметов З. Таңдамалы. 1 – том. Әдеби зерттеулер. – Алматы: Ана тілі, 2008. – 280 б.
- 3 Мырзахметұлы М. Абайтану: 1-кітап Өңд., толықт., 2-бас. – Астана: Interactiv Kazakhstan, 2014. - 432 б.
- 4 Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995.- 524 б.
- 5 Tleuberdina, G. T. (2021). Epistemic causal relations in German and Kazakh discursive texts//*Astra Salvensis*. Vol. 2021, - p. 41–58.
- 6 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. 19-т. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 400 б.
- 7 Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеу. – Алматы, 1995. – 400 б.
- 8 М.О.Әуезовтің өмірі шығармашылық шежіресі. – Алматы: Ғылым, 1997. -768 б.
- 9 Әуезов М. Әдебиет тарихы: Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
- 10 Мырзахметұлы М. Әуезов және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 272 б.
- 11 Tleuberdina, G.T. (2020) Method to overcome psychological barriers in students learning the German language | Método para superar las barreras psicológicas en los estudiantes que aprenden el idioma alemán// *Utopia y Praxis Latinoamericana*, 25(Extra 7), p. 121–129

12 Tleuberdina, G.T. (2021) Value of loan words in the creation of the linguistic and literary world// *Astra Salvensis*, p. 59–65

13 Dalbergenova, L.E. (2020) Evidentialität als argumentative Funktion am Beispiel des Deutschen, Russischen und Kasachischen // *Zeitschrift für Slawistik*, p. 134 - 144

Материал 19.06.2023 баспаға түсті

Поэтический талант и художественная особенность (о поэзии М. Ауэзова)

Б.С. Рахымов¹, Г.Т. Тлеубердина*², С.Ж.Шахина¹, К.И.Тастемір²

¹Карагандинский университет имени Е.Букетова, Караганда, 040000, Республика Казахстан

²Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, Кокшетау, 020000. Республика Казахстан

В статье впервые рассматривается поэтический дар Мухтара Ауэзова, который являлся одним из самых талантливых в поэтическом искусстве. Отмечена особенность поэтической традиции поэта, восходящая к фольклору, не вошедшая в научный оборот. Приведены, подтверждающие факты. Новизна, теоретическая и научная значимость статьи состоит в том, что впервые рассматривается поэтическое творчество М. Ауэзова.

В статье говорится о том, что писателем было написано немало драматических произведений, большая часть которых написана в стихах. Авторы отмечают, что главной особенностью поэта является то, что он в совершенстве овладел поэтическим искусством в создании стихов, умел искусно передать конфликт в драме. Описано умение выгодно и мастерски использовать художественные средства в стихотворении. Также рассматриваются проблемы слога и рифмы, которые определяют специфику поэтического творчества. В статье используются методы концептуального анализа, сравнительно-обобщающие методы.

Ключевые слова: Ауэзов, абаеведение, ауэзововедение, поэтичность, талант, поэзия, фольклор, традиции, художественное

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Ауыпбаев Ж. Воспоминания о Мухтаре Ауэзове. – Алматы: Жазушы, 1997. – 608 с.
- 2 Ахметов З. Избранные. 1 – том. Литературные исследования. – Алматы: Ана тілі, 2008. – 280 с.
- 3 Мырзахметулы М. Абаеведение: 1-книга. Обр., дополнен., 2-изд. – Астана: Interactiv Kazakhstan, 2014. - 432 с.
- 4 Ахметов З. Поэтический мир Абая. – Алматы: Ана тілі, 1995.- 524 с.
- 5 Tleuberdina, G. T. (2021). Epistemic causal relations in German and Kazakh discursive texts// *Astra Salvensis*. Vol. 2021, p. 41–58.
- 6 Ауэзов М. Собрание сочинений в пятидесяти томах. 19-т. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 400 с.
- 7 Ауэзов М. Абай Кунанбаев. Монографическое исследование. – Алматы, 1995. – 400 с.
- 8 Творческая хроника жизни Ауэзова М.О. – Алматы: Ғылым, 1997. -768 с.
- 9 Ауэзов М. История литературы: для студентов высших учебных заведений. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 с.
- 10 Мырзахметулы М. Ауэзов и Абай. – Алматы: Казахстан, 1996. – 272 с.
- 11 Tleuberdina, G.T. (2020) Method to overcome psychological barriers in students learning the German language | Método para superar las barreras psicológicas en los estudiantes que aprenden el idioma alemán// *Utopia y Praxis Latinoamericana*, 25(Extra 7), p. 121–129
- 12 Tleuberdina, G.T. (2021) Value of loan words in the creation of the linguistic and literary world// *Astra Salvensis*, p. 59–65
- 13 Dalbergenova, L.E. (2020) Evidentialität als argumentative Funktion am Beispiel des Deutschen, Russischen und Kasachischen // *Zeitschrift für Slawistik*, p. 134 - 144

Материал поступил в редакцию журнала 19.06.2023

Poetic talent and artistic peculiarity (on the poetry of M. Auezov)

B.S.Rakhymov¹, G.T. Tleuberdina*², S.Zh. Shahina¹, Tastemir K.I.²

¹E.Buketov Karaganda University, Karaganda, 040000, Republic of Kazakhstan

²Kokshetau University named after Sh.Ualikhanov, Kokshetau, 020000

The article examines the poetic gift of Mukhtar Auezov, who was one of the most talented in the art of poetry. The research discusses peculiarity of Auezov's poetic tradition, dated back to folklore, but not included in scientific circulation. The authors provide supporting facts from the article. The novelty, theoretical and scientific significance of the article lies in the fact that the poetic creativity of M. Auezov is considered for the first time.

The article says that M.Auezov wrote many dramatic works, most of which were written as poetry. The authors of the article note that the main feature of the poet is that he perfectly mastered the art of creating poetry and was able to skillfully convey conflict in drama. The ability to skillfully use artistic means in a poem is described by the article. The problems of syllable and rhyme, which determine the specifics of poetic creativity, are also considered. The article depicts thematic-genre, expressive-stylistic characteristics of texts from informative perspective. The research uses the following methods: conceptual analysis; comparative, summarizing and collecting methods.

Key words: Auezov, Abai studies, Auezov studies, poetry, talent, poetry, folklore, traditions, artistic

REFERENCES

- 1 Auyubaev J. (1997) Mūhtar Äuezov turaly estelikter.– Almaty: Jazuşy, 1997. – 608 b. [in Kazakh]
- 2 Ahmetov Z. (2008) Tañdamaly. 1 – tom. Ädebi zertteuler. Qūrast. Orazbek M., Zäkiüly M. – Ana tılı baspasy, 2008. – 280 b. [in Kazakh]
- 3 Myrzahmetüly M. (2014) Abaitanu: 1-kıtap Öñd., tolyqt., 2-bas.- Astana: Interactiv Kazakhstan, 2014. - 432 b. [in Kazakh]
- 4 Ahmetov Z. (1995) Abaidyñ aqyndyq älemi. – Almaty: Ana tılı,1995.- 524 b. [in Kazakh]
- 5 Tleuberdina, G. T. et all (2021). Epistemic causal relations in German and Kazakh discursive texts.//*Astra Salvensis*. Vol. 2021, p. 41–58.
- 6 Äuezov M. Şyğarmalarynyñ elu tomdyq jınağy. 19-t. – Almaty:Jibek joly, 2005. – 400 b. [in Kazakh]
- 7 Äuezov M. (1995) Abai Qūnanbaev. Monografialyq zertteu. – Almaty, 1995. – 400 b. [in Kazakh]
- 8 M.O.Äuezovtiñ ömiri men şyğarmaşylyq şejiresi. – Almaty: Ğylym, 1997. -768 b. [in Kazakh]
- 9 Äuezov M. (1991) Ädebiet tarihy: Joğary oqu oryndarynyñ studentterine arnalğan. – Almaty: Ana tılı,1991. – 240 b. [in Kazakh]
- 10 Myrzahmetüly M. (1996) Äuezov jäne Abai. – Almaty: Qazaqstan, 1996. – 272 b. [in Kazakh]
- 11 Tleuberdina, G. T. et all (2020) Method to overcome psychological barriers in students learning the German language | Método para superar las barreras psicológicas en los estudiantes que aprenden el idioma alemán// *Utopia y Praxis Latinoamericana*, 25(Extra 7), 2020, p. 121–129.
- 12 Tleuberdina, G. T. et all (2021)Value of loan words in the creation of the linguistic and literary world// *Astra Salvensis*, 2021, p. 59–65 [in English]
- 13 Dalbergenova, L.E. et all (2020) Evidentialität als argumentative Funktion am Beispiel des Deutschen, Russischen und Kasachischen //*Zeitschrift fur Slawistik*,65 (1).2020, p.134 - 144[in English]

Received: 19.06.2023